

2019 жылдың 20 ақпанында Тұяқова Аймгүл Жасұланқызы кәсіби ағылшын тілі пәні бойынша 0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамндығы бойынша білім алып жатқан П2-К тобына ашық сабақ өткізді. Ашық сабақтың тақырыбы «HAIRDO». Сабақтың мақсаты: білім алушыларға өздері оқып жатқан мамандық бойынша жаңа сөздермен, мәтінмен таныстырып, сөйлеу, оқу, жазу қабілеттерін дамыту. Сабақ кезеңдері ойынша дұрыс ұйымдастырылған. Интерактивті тақта, слайд, суреттер сияқты оқу көрнекілік құралдары; әртүрлі жаттығулар және үлестірме карточкалары қолданылды.

Сабақ барысында 4 топқа бөлініп, топ бойынша жұмыстар жасалды, білім алушылар әр түрлі сұрақтарға жауап берді, берілген тапсырмалар боуынша сурет салды. «Миға шабуыл», «Себет» әдісі, «Hidden Words», «Бес саусақ» сияқты әдістер қолданылып, сабақты қызықты ете түсті. Сабақ соңында білім алушылар бағаланып, «Бес саусақ» әдісі бойынша білім алушылармен кері байланыс жасалды. Сабақ өте қызықты өтті.



